«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСК KKMFZ2A. БСН 000440001606.

100003, город Караганда, ул. Ленина, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИК KKMFKZ2A. БИН 000440001606.

№ 27.08.2018ж 2-4-6/ЗТ-М-1261

«Строительная компания» М.М. group» ЖШС

«Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-сі Сіздің 15.08.2018ж. №20508 (кіріс №3т-М-1261) хатыңызға келесідей хабарлайды.

Бақылаумен анықталғандай, ұйымдастырушымен №2723219-1 Шахтинск қаласының, Абай 77 мекен-жайындағы медицина ұйымдарына арналған тұрғын үйлердің екі дәлізіне күрделі жөндеу жұмыстары сатып алынуда.

Сіздің хатыңызда конкурстық комиссия сіздің өтініміңізге сәйкес жұмыс тәжірибесіне қатысты шартты жеңілдіктерді есепке алмағаны жөнінде ақпарат көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 155 тармағына сәйкес (*әрі қарай - Қағида*) жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Қағиданың 5-қосымшасының 3 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Осылайша, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын жоғарыда аталған құжаттар жиынтығы болған жағдайда ғана есепке алынады.

Жұмыс тәжірибесіне қатысты жүргізілген бақылау кезінде, Сіздің өтініміңізде растайтын құжаттар көшірмесі, яғни орындалған жұмыстардың қабылдау актісінің көшірмелері жоқ.

Сол себепті, Сіздің өтініміңізге қатысты шартты жеңілдіктерді қате қолдану бойынша конкурстық комиссия мүшелерінің іс-әрекеттерінен бұзушылықтар анықталмады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы мен 14 баптың 6 тармағына сәйкес, Сіз лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ субъектінің шешімдеріне бағыныстылық тәртібімен

жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге, жеке немесе заңды тұлғаға тиісті субъектінің немесе заңды тұлғаның іс-әрекет жасағаны не шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірілмей шағым беруіңізге болады.

Басшы **А.Каукетаев**

Орынд. Нұрмұханов Д.Т.
Тел. 7212 42-55-80